

«АУЫЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫ – ЕЛІМІЗ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР МӘСЕЛЕ»

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ДИАЛОГ-ПЛАТФОРМАСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Құрметті ауыл әкімдері!

Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері осы жерге арнайы шақырылды. Ауыл әкімдерінің басым көпшілігі, яғни 80 пайызы осында. Жалпы, осындай ауқымды құраммен алғаш рет бас қосып отырмыз. Шын мәнінде, тақырып – өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше. Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек. Жаңа ғана бірнеше әкімнің сөзін тыңдадық. Айтылған ой-пікірлерді және ұсыныстарды мұқият зерделеп, жұмыс барысында міндетті түрде ескеру қажет. Баршаңызға мәлім, 2019 жылдан бері елімізде ауқымды саяси реформалар жүргізіліп жатыр. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу үшін тарихи бетбұрыс жасады. Ең алдымен, елдегі түбегейлі өзгерістердің құқықтық негізін қалыптастырдық. Саяси үдерістерді жаңғыртуға арналған 20-ға жуық заң қабылданды. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі күшейді. Саяси партиялардың рөлі артып, жұмысы жандана түсті. Сондай-ақ партияларды тіркеу талаптарын едәуір жеңілдетті. Нәтижесінде Мәжілістегі саяси партиялардың саны көбейді. Билік жүйесінде жаңа институттар пайда болды. Конституциялық Сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі үкілге конституциялық мөртебе берілді. Кассациялық сот жүйесі жұмыс істей бастады. Осылайша, біз еліміздің саяси өмірінде бұрын-соңды болмаған бірегей өзгерістерді жүзеге асыра бастадық. Қазақстан бұл саяси кеңістікте дәл осындай кең ауқымды реформаларды қолға алған бірден-бір ел деп сеніммен айтуға болады. Соның арқа-

сында азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсене атсалыса бастады. 2020 жылы халыққа Жолдауымда ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастама көтергенімді білесіздер. Бұл мемлекетті басқару ісін түбегейлі жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болды. Себебі жергілікті әкімдер бүкіл билік жүйесінің тірегі саналады. Сондықтан біз орынсыз асығыстыққа жол берген жоқпыз, ауыл әкімдерін сайлау жұмысын 5 жылдың ішінде біртіндеп жүзеге асырдық. Бүкіл еліміз бойынша 2334 ауыл әкімі сайланды. Олардың орташа жасы – 43 жас. Жаңадан сайланған әкімдердің үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар. Ауылдағы сайлау саяси партиялардың аймақтардағы жұмысына тың серпін берді. Олар өз үміткерлерін ұсынып, сайлауға белсене араласты. Саяси ұйымдардың 1500-ден астам өкілі әкім болып сайланды. Жаңа басшылардың қатарында алты партияның мүшелері бар. Ал 700-ден астам азамат өзін-өзі ұсынып, сайлауда жеңіске жетті. Сайланған әкімдер жұмысқа кірісіп кетті, жалпы нәтиже жаман емес деуге болады. Ең бастысы, олар жергілікті жұрттың мұң-мұқтажын, шешімін таппай жатқан түйткілдерді жақсы біледі. Ауыл-аймақтың дамуына бөлінген бюджет қаражаты да тиімді игеріле бастады. Ауылдардың кірісі көбейді, мемлекет тарапынан берілетін қаржыға, яғни дотацияға тәуелділік азайып келеді. Жақында жүргізілген сауалнамаға сәйкес ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенетіні анықталды. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау үдерісі алдағы уақытта да жалғасын табады. Ал аудан әкімдерін сайлауға қатысты әртүрлі көзқарас бар. Бірқатар қоғам қайраткері мен белсенді азаматтар «аудан әкімдерін сайлау қажет пе, жоқ па?» деген мәселеңі қайта қарауды ұсынуда. Бұл мәселе-лені Ерлан Саиров, Альберт Рау, Мархабат Жайымбетов бастаған депутаттар да көтерді. Олар елде сайлау тым көбейіп бара жатқанын, жұрт саяси науқандардан мезі бола бастағанын айтуда. Бұл пікірді

ауыл және аудан тұрғындары да қолдап жатыр. Сайлау науқандары жергілікті жерде жүргізілуге тиіс нақты жұмыстарға кедергі келтіруі мүмкін деген пайымдар да бар. Бұл пікірлерді ескерген жөн. Осыған дейін аудан әкімдерін сайлау тәсілі арқылы 52 әкім сайланды. Енді олардың қалай жұмыс істейтінін қарап көру қажет. Аудан әкімін сайлаудың тиімді-тиімсіз тұстарын мұқият саралау керек. Мәселе – аудан әкімдерінің сайлауын міндетті түрде өткізу емес, басты мақсат: біз оң нәтижелерге қол жеткізуіміз керек. Үкімет және Парламент депутаттары бірлесіп, осы мәселені жан-жақты қарап, әділетті, дұрыс шешім қабылдауы қажет. Ең бастысы, әрбір реформа салмақты көзқараспен, байыппен жасалуы керек. Бәріңізге белгілі, елдегі өзгерістердің арқасында мемлекеттік қызметке мүлде жаңа адамдар келіп жатыр. Осы орайда, Президенттің жастар кадрлық резервін ерекше атап өткен жөн. Резервке қосылуға өтініш берген 30 мыңға жуық үміткердің ішінен 450 адам іріктеліп алынды. Олардың 72 пайызы басшылық қызметке тағайындалды. Кадрлар құрамын жаңарту үдерісі биліктің бүкіл тармағында және барлық деңгейде жүргізіліп жатыр. Бұл – уақыт талабы. Бірақ осындай жауапты жұмыста саяси науқаншылдыққа жол бермеу керек. Ең алдымен, тиімді ұсыныс айтып, пайдалы бастамалар көтеретін, батыл шешім қабылдай алатын азаматтарды, яғни кәсіби тұрғыдан білікті мамандарды мемлекеттік қызметке көптеп тарту қажет. Біз осы маңызды жұмысты жалғастыра береміз. **Құрметті әкімдері!** Ауыл – төл өркениетіміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға ортақ парыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы халыққа ұсыңған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аудардым. Алғашқы Жарлығым да ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып жатыр.

Жуырда ғана Ауыл еңбеккерлерінің екінші форумын өткізіп, осы саладағы өзекті мәселелерді қарадық. Ал бүгін ауыл-аймақтардың даму бағдарын айқындаймыз. Бұл – мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттің бірі. Соңғы жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. 2022 жылы халықтың табысын арттыруға арналған кешенді жоспар қабылданды. Биыл Үкімет алдағы бес жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті. Ауылға қомақты инвестиция тартылды. 2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан салынды. Сондай-ақ 388 жаңа мектеп ашылды. Былтыр 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет берілді. Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті артып келеді. Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алты жылда 1,5 еседен астам өсіп, 8,3 триллион теңгеге жетті. Биыл ауылдағы шаруаларға 1 триллион теңге көлемінде қолдау көрсеттік. Дәл осындай мемлекеттік қолдау көрсеткен елдер көп емес, тіпті, бұл көптеген ел қол жеткізе алмайтын қаржылай көмек деуге болады. Алайда алдымызда биік мақсаттар тұр: біз ауылдағы жағдайды жақсартып, жұмысты күшейтуіміз керек. Сондықтан алдымен ауылды дамытуға қатысты жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталып өтейін. **БІРІНШІ.** Ауыл әкімдері міндетті түрде білікті маман болуға тиіс. Қазіргі ауыл әкімдерінің 60 пайызға жуығы осы қызметке алғаш рет сайланды. Бұл – жергілікті билік құрамы біршама жаңарды деген сөз. Алайда сайлауда жеңіске жету – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана. «Әкім болдым, толдым» деп отыруға болмайтынын түсінікті. Әкімдер өздерінің мықты басшы екенін іс жүзінде дәлелдеуі керек. «Басшының бағы – ел-жұртың қамы» деп бекер айтылмаған. Нағыз елге сыйлы әкім болу үшін ауылдың ахуалын жақсы білу де азық етеді. Халықтың сенімін ақтап, елдің береке-бірлігін нығайту үшін жұмыс істеу керек.

ТӘРТІП ПЕН ТАЗАЛЫҚ

ОЙЫЛ – БӨРІМІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ. ІШКЕН СУЫМЫЗ ДА, ЖҰТҚАН АУАМЫЗ ДА ОРТАҚ. ДЕМЕК, ОНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ ДА ОРТАҚ БОЛУЫ ТИІС. БІРАҚ, МӨСЕЛЕ, ОСЫ ЖЕРГЕ КЕЛГЕНДЕ БАСҚАША. РАС, ҚАЛДЫҚ, ҚОҚЫС ЗАТТАРЫН ШЫҒАРУ МӨСЕЛЕСІ ДЕ – ТАБИҒИ ҚАЖЕТТІЛІК. БІЗ КЕЙДЕ МҰНЫ МҮЛДЕ МӨСЕЛЕ ҚАТАРЫНА ҚОСПАЙ, ЛАҚТЫРЫП ТАСТАЙ САЛҒАНЫМЫЗ СЕКІЛДІ КӨЗҚАРАСҚА ТІРЕЙІМІЗ. БҮЛ ӨТЕ ӨРЕСКЕЛ ҚАТЕЛІГІМІЗ. ТАЗАЛЫҚ – САУЛЫҚТЫҢ ТА, МӨДЕНИЕТТІҢ ДЕ БАСТАУЫ.



Бәріміз тазалық мәселесін басты міндет санасақ, түйткілдер болмас еді. Барлық ауылдарда тазалық жұмыстары округ әкімдігінің бақылауымен ақылы қоғамдық қызмет арқылы жүзеге асырылып жатыр. Одан қалды, көктемде, күзде арнайы тазалық айлығы өткізіледі. Бірақ, кейбіреулердің түсінігінше, ақы алып отырған адам оның лақтырып кеткен қағазы мен бөтелкесін жинап, көшені тазалауы тиіс. Санитарлық тазалық деген бар, тұрмыс қалдықтарын жинау бар. Санитарлық тазалық – көше бойын таза ұстау, талдарды ақтау, гүлзарларды күту, қыста қар күреу... Ал, тұрмыс қалдығы әркімнің үйінен шығады. Мәселен, көшеде келе жатқан адам ішкен сусынының құтысын арнайы жәшікке салса, бала да соны жасар еді. Немесе баласы лақтырып тастаса да, солай болуы керек сияқты кете беретін адамдардың әрекеті тәртіп пен тәрбиенің егіз екенін де түсінбейтіндігінің куәсі. Сенің немесе балаңның лақтырып кеткенін біреу жинап алуы керек деуі заңды айтпағанда, адамдыққа

да томпақ емес пе? Осы мәселені әлеуметтік желіде де, баспасөзде де айтып келеміз. Ал, үйлерден шығатын әртүрлі тұрмыстық қалдықтар мен малдың қиы, болмаса құрылыс қалдықтары да арнайы орынға дұрыс төгілмейді. Оны да тағы арнайы техникамен түйіп, жинау керек. Жиналып та жатыр. Қоқысты арнайы полигонға апармай, ауыл сыртына, көзден тасалап төгіп кетеді. Бәрі болмаса да, кейбірі сөйтеді. Ол үшін алдымен, сана тазаруы керек. Есіңіңіз алды аяқ алып жүргізіс болып жатып, ауылдың тазалығына сын айтатындар да көп. Бұл сөзге өкпелеудің, тазарудың орнына сазарудың қажеті жоқ. Алдымен, өз айналамызды таза ұстасақ, барлық жер таза болады. Бұл – аксиома. Ол үшін тәртіпке бағыну керек. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген Бауыржан атамыздың сөзін төсқалтамызға салып жүрсек, артық емес. Себебі, әрбірімізді алға сүйрейтін, жақсы, таза, тамаша өмірге алып баратын жол – тәртіп.

Сәрікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ – БӨРІМІЗГЕ МІНДЕТ!

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНЫҢ 5-БАБЫНА СӨЙКЕС АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНЕ ҚОҒАМДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОО МАҚСАТЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗЕДІ.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық салаларына (экономика, саясат, әлеуметтік сала) ыдырататын әсер етеді және осы құбылыс тудыратын жағымсыз салдарлар қоғамның прогрессіне, үдемелі дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне нақты қауіп төндіреді. Қазіргі жағдайдағы сыбайлас жемқорлық проблемасы әлемдік ауқымдағы проблемаға айналды, өйткені ол барлық елдерге тән, олардың саяси құрылымы мен экономикалық даму деңгейіне қарамастан, нарықтық экономикасы бар демократиялық мемлекеттерде де орын алады. Республикада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін заңнамалық база қалыптастырылды, атап айтқанда: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң, Президенттің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметіндегі тәртіп пен тәртіпті нығайту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы,

сондай-ақ көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқартуға, экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күреске бағытталған бірқатар бағдарламалар бар. Сонымен қатар, егер қоғамның өзі, әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға бел байламаса, ал мемлекеттік басқару құзыретті және тиімді болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нәтижелі болмайды. Осыған байланысты қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыға бірдей күреске шақырамыз. Қазіргі уақытта мемлекеттік кірістер департаментінде 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің және оның құрылымдық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне, теріс пайдалануларға және этикалық емес мінез-құлыққа байланысты барлық мәселелер бойынша сенім телефондары хабарласуға болады.

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

«АУЫЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫ – ЕЛІМІЗ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР МӘСЕЛЕ»

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ДИАЛОГ-ПЛАТФОРМАСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Әкім мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан өзгерістерді жергілікті жерде жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет. Кәсіби тұрғыдан білікті әрі еңбекқор әкім сайлаушылардың сенімін ақтай алады. Сондықтан ауыл әкімдерінің басқару ісіндегі шеберлігін арттыру өте маңызды.

Әкімдердің арасында бұрын билік жүйесінде жұмыс істемеген азаматтар бар екенін айттық. Олардың тәжірибесі аз екені түсінікті. Осы бағытта «Аманат» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасы қолға алынды. Әрине, мұндай курстар жоғары білімнің орнын баса алмайды. Сондықтан университеттерде оқытылатын «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламасын талапқа сай өзгерту керек.

Ауыл-аймақтарды басқару, көшбасшылық қабілетті дамыту мәселесі назардан тыс қалған. Ал бұл жұмыспен ең алдымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі шұғылдануы керек. Құзырлы министрліпен бірлесіп, ауыл әкімдерін даярлауға белсенді түрде кірісу қажет.

ЕКІНШІ. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту керек. Бірақ мұны халыққа пайдасы тиетіндей мұқият ойластырып іске асырған жөн. Соңғы жылдары жергілікті билік органдары кезең-кезеңімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі арта түсті. Бұл – менің нақты ұстанымым. Өйткені ауыл әкімдері елдегі ағайынның тұрмыс-тіршілігіне қатысты түйткілдерді шешумен айналысады.

Қазіргі уақытта Мәжіліс «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға енгізілетін түзетулерді қарастырып жатыр. Аталған нормалар әкімдерге көше саудасына мониторинг жүргізуге, қоғамдық аумақтарды абаттандыруға, арнаулы техникалар сатып алуға қатысты өкілеттіктер беруді көздейді. Дегенмен заңнаманың екішұты тұстары да бар. Мәселен, әкімдерге жергілікті деңгейдегі басқару органдарының жұмысына оң ықпал етуге нақты мүмкіндік берілмейді. Бүгін әкім Ирина Шишкина ауыл әкімдерінің мемлекеттік дерек қорына қолы жетпей отырғанын айтты. Бұл мәселені шешу қажет.

Міне, осындай кемшіліктердің салдарынан әкімдер тұрғындардың талап-тілегін орындай алмайды. Ашығын айтқанда, кейбір жағдайда дерменсіз күйге түседі. Оған жол беруге болмайды. Жергілікті мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы жауапкершілік шегі анықталмаған. Бұл өңірлердегі жағдайға кері әсер етеді. Ауыл әкімдерінің өкілеттіктері айқын болуы керек деп санаймын. Заңнамалық түзетулерді талқылаған кезде депутаттарға осы жайттарды ескеруді ұсынамын. Сондай-ақ осы жиында ауылдық округ әкімдері көтерген ұсыныстарды да ескерген жөн.

Бүгін сөз алғандар ауыл әкімдеріне функционалдық міндетіне кірмейтін қызметтерді қоса атқару жүктелгені жөнінде айтты. Шын мәнінде, ауыл әкімдері құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын міндеттерді неге атқаруға тиіс?! Үкімет Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, аудан және ауыл әкімдерінің құзыретіне жатпайтын, қайталанатын және жетіспейтін өкілеттіктерін анықтау мақсатында жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізуге тиіс. Бір ай ішінде оларды түзету, жою немесе жергілікті мемлекеттік басқару сатылары арасында қайта бөлу туралы ұсыныс енгізуді тапсырамын. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ауыл әкімдерінің мәртебесі туралы мәселені айналып өте алмаймыз. Бұл – өте өзекті дүние. Аталған ұсыныс бұған дейін де бірнеше рет көтерілгенін, тіпті, Президент

Әкімшілігіне тиісті өтініштер түскенін жақсы білемін. Мемлекеттік қызметшілердің саяси нәтижелері нақты белгілеу керек. Үкімет Парламентпен, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен осы мәселелерді жан-жақты қарастырып, бір ай ішінде өздерінің ұсыныс-пікірлерін беруге тиіс. Содан соң шешім қабылданады.

Ауыл әкімдіктерінің қызметкерлерін қолдауға ерекше көңіл бөлен жөн. Әкімдіктерде, әсіресе, ауыл әкімдіктерінде бұрын жұмыс істеген немесе қазір де еңбек етіп жүрген азаматтар мұны мемлекеттік қызметшінің нағыз өмір мектебі деп бекер айтпайды. Бұл баршаға түсінікті. Өйткені әкімдік қызметкерлері билік пен бұқара арасында сенімді әрі сындарлы диалог жүргізуді меңгеріп, нағыз басқару машығын жетілдіреді. Сол себепті ауыл әкімдіктері қызметкерлерінің жұмыс істеуіне, олардың кәсіби тұрғыдан өсуіне жағдай жасау маңызды деп санаймын.

ҮШІНШІ. Әкімдердің өкілеттігімен қатар жауапкершілігі де күшеюі керек.

«Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін нақтылайтын норма жоқ. Бұл – дұрыс емес. Әкімдер тұрғындарға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруға тиіс. Мұны заңмен бекіту керек. Уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысын қызметінен босату тетіктері қарастырылуы қажет. Ондай әкімдер халықтың талабымен немесе саяси партиялардың ұсынысымен жұмыстан шығарылуға тиіс. Сонда әкім болуға үміткерлер де елге экономикалық негізі жоқ құрғақ уәде бере алмайды. Мұндай жалаң сөздер, яғни популистік әрекеттер халықтың ауыл әкімдеріне, тіпті тұтас сайлау институтына деген сенімін азайтуы мүмкін.

Үкімет әкімдердің сайлау алдындағы бағдарламасының экономикалық бөлігіне қойылатын талаптарды айқындауы керек. Сапалы дайындалған бағдарламаны аймақтың даму жоспарымен үйлестіруге болады. Жалпы, осындай шаралар әкімдердің есептілігін күшейтеді. Сондай-ақ өз үміткерлерін ұсынған партиялардың жауапкершілігін арттырады.

Мемлекет басшысы ретінде менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына айрықша мән беретінімді білесіздер. Елімізде азаматтардың өтінішін қарауға қатысты ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Қазір ауыл әкімі бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы тұрғындардың мәселелерін еш қиындықсыз сараптай алады. Өтініш жолдаған әрбір адамның сауалына нақты жауап берілуі тиіс. Өдетте, мұндай хаттардың көбі аймақтағы инфрақұрылым, соның ішінде, жол, аула және балалар алаңы туралы болады. Бұл – жергілікті жерде шешімін табуға тиіс негізгі мәселелер.

Бірақ әкімдіктер көп жағдайда мұндай өтініштерге атүсті қарайды. Амалы таусылған жұрт орталыққа, тіпті, Президент Әкімшілігіне шағымдануға мәжбүр. Азаматтардың өз өкіміне деген сенім деңгейін осындай хаттардың санынан байқауға болады.

Жыл өткен сайын халықтың талап-тілегі артып келеді. Бұл – бүкіл әлемге ортақ үрдіс. Әкімдер халыққа құрметпен, шыдамдылықпен, түсіністікпен қарап, азаматтармен ашық әңгіме жүргізуге тиіс. Олар барлық мәселені мүмкіндігінше өз деңгейінде шұғыл және сапалы шешуі қажет. Бірақ бұл міндетті атқару үшін жергілікті әкімдердің қолында тиісті құзыреті болуы керек. Атқарылып жатқан жұмыстың мән-жайын үнемі жұртқа түсіндіріп отырған жөн.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген. Әрине, айтылған ұсыныс-пікірге назар аудару керек. Бірақ әркімнің, әсіресе, іс-әрекеті ерсі, ниеті теріс, тіпті, арандатушы адамдардың ығына жығылмай, жетегінде кетпей, ақылға қонымды ұсынысты ғана қабылдау қажет. Негізі, бұл – барлық деңгейдегі әкімдерге ортақ ұстаным. Тұрғындарды ортақ іске жұмылдырып, алға бастай білетін әкімді нағыз әкім деуге болады.

Мен жақында «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл – әрбір мемлекеттік қызметшінің, әсіресе әкімдердің жұмысына бағдар беретін өте маңызды құжат.

ТӨРТІНШІ. Төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру керек.

Әкімдердің өкілеттігін қайта қарау мен жауапкершілігін күшейту экономикалық ресурстарды рационалды бөлумен қатар сауатты жүргізілуі тиіс. Өйтпесе аталған бағыттағы реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. Ауылдық округтердің өзін-өзі қамту деңгейін арттыру мақсатында бюджеттің төртінші буынына салық пен төлемдердің 25 түрі берілді.

Жаңа Бюджет кодексі аясында бұл тізбекке кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру салығы да қосылды. Төртінші деңгейлі бюджет енгізілгеннен бері (2018 жыл) ауылдық округтердегі түсім төрт есе ұлғайтып, 130 миллиард теңгеден асты.

Оң өзгеріс байқалады. Алайда ауылдық округтер аудан мен облыстың қаржылай қолдаусыз әлеуметтік-экономикалық мәселелерді әлі де шеше алмайды. Оған қоса кейбір өңірлерде жергілікті бюджетте халықтың саны мен ауылдық округтердің экономикалық құрылымына байланысты алшақтық бар.

Біз тұрақты салық түсімінің басым бөлігін жергілікті жерлерге, ең бастысы, аудандық деңгейге бердік. Бұл – өте дұрыс. Десек те жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне қолдауды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Өйткені қазір оған тиісінше қаражат бөлінбеген. Ақиқатында, кей кәсіпорындар ауылдық округтарда пайда табады, жергілікті тұрғындардың еңбегін қолданады, бірақ салықты өздері тіркелген аудан немесе қала бюджетіне төлейді. Сондықтан Үкімет бұл қағидатқа теңгерімді тәсіл қолдану мүмкіндігін қарастырып дұрыс болар еді. Қанша дегенмен жергілікті жерлерге де қандай да бір кіріс түсуі қажет қой. Яғни «салықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидамыз іске асырған жөн. Үкіметке берілген тапсырма түсінікті: кем дегенде кірістің бір бөлігі жергілікті жерде қалуға тиіс.

Занды тұлғалардың мүлік және жеке табыс салығының белгілі бір бөлігі аудандардың қосымша трансферттері арқылы төртінші деңгейлі бюджетке аударылғаны жөн. Мұның бәрін Үкімет өңірлер арасындағы алшақтықты реттеуді көздейтін Аймақтық стандарттар жүйесімен ұштастыруы қажет.

Бірқатар өңір тұрғындары үшін экологиялық айыппұлдарды толық төлеу аса өзекті мәселе. Өндіріс орындары экологияға шектен тыс зиян келтіретін елді мекендер тұрғындары мұндай төлемдердің бір бөлігі жергілікті бюджетке түскенін қалайды. Олар бұған толық құқылы. Байқалған төңіздікті реттеп, мемлекеттік саясаттың ашықтығын, тиімділігін мен ең алдымен қамтамасыз ету үшін біз салық-бюджет үдерістерін жүйелі түрде жетілдіре береміз. Бұл – Үкімет жұмысының маңызды бағыты.

Үкімет өңірдегі бюджет деңгейлері арасында қазына-дан қаржы алуға лимит қою мәселесін қарастыруы керек.

Ауылдық округтер әкімдері өздерінің кеңейтілген өкілеттіктерін толық іске асырып, салық түсімдерін ұлғайту мақсатында қолданыстағы ақпараттық платформалармен жұмыс істей білуі қажет.

Цифрлық Қазақстанды ауылдар мен ауылдық округтерсіз құру мүмкін емес. Жасанды интеллект пен жаппай цифрландыру дәуірінде бұл іске ауыл әкімдері де белсенді түрде атсалысқаны жөн. Елді мекендерді цифрландыру ауыл мен қала тұрғындарының тұрмыс сапасын айтарлықтай теңестіреді. Сондықтан Үкімет бұл бағыттағы жұмысты басты басымдықтардың бірі ретінде қарастыруы қажет. Жергілікті жерлерден алынған нақты әрі жедел ақпарат орталықта тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экономикалық деректер негізін қалап, ресурстарды әділ бөлуге ықпал етеді.

Алдағы үш жылда Қазақстанды толықтай цифрлық елге айналдыру – жаңа даму кезеңіндегі басты міндеттердің бірі. Болашақта еліміздің әлемде алатын орны осыған тікелей байланысты. Сондықтан мұны тіршілік үшін талас десек, артық айтқандық емес.

Осы аптада Президент Дональд Трамп АҚШ-тың технология саласындағы жаһандық үстемдігін қамтамасыз етуге арналған стратегиялық бастамасын жариялады. Ол үшін жасанды интеллектің бірыңғай платформасы құрылады. Бұл ғылыми зертханаларды, дата орталықтарды, цифрлық модельдерді және суперкомпьютер желісін біріктіретін ұлттық ақыл-ой алаңы болмақ. Аталған жүйе барлық аса маңызды бағыт бойынша жаңа технологиялар мен материалдарды әзірлеуге ықпал етеді. Ол жартылай өткізгіштерден бастап роботтық техникаға дейінгі, ядролық энергетикадан бастап биомедицинаға дейінгі салаларды түгел қамтиды. Бұл арада зерттеу жобасы жайында емес, АҚШ-ты осы салада әлемдік көшбасшыға айналдыратын толыққанды платформа жөнінде әңгіме болып отыр. Мұны іске асыру үшін бір жылға жетер-жетпес мерзім беріліп отыр. Сол себепті бізге де шара қолдану керек. Өлбетте, Қазақстан жаһандық ауқымдағы көшбасшылыққа таласпайды. Бірақ өркеніет көшінен қалмай, технологиялық жаңғыруды жылдамдату қажет. Ойланып-толғанып жүруге уақыт аз.

БЕСІНШІ. Ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге баса мән беру керек.

Алдымен ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуымыз қажет. Осы бағытта біршама жұмыс атқарылды. Оның пайдалы екені де көпшілікке белгілі. Алайда бірлескен шаруашылықтар әзірге ауыл экономикасының тірегі бола алмай тұр. Көбіне мұндай кооперативтерді бірнеше адам ғана құратыны жасырын емес. Олар жеке шаруашылық иелері және өнім өңдеушілер арасында делдал болып жүреді. Соған қарамастан мемлекеттен жеңілдіктер алады. Рас, мұндай теріс әрекеттерге тиым салынбаған. Бірақ бұл ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға кедергі келтіреді.

Бірлестік (кооператив) құру бүкіл ел бойынша жүргізілуі керек. Сонда ғана ауылдағы ағайын бұл жұмыстың игілігін көреді. Жеке шаруалар біріге алмаса, мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту жолындағы бар еңбегі зая кетеді. Сондықтан бұл жұмысты белсенді түрде қолға алуымыз қажет.

«Ауыл аманаты» жобасы өз кәсібін дамытқысы келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік беруде. Жоба аясында екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық жұмыс оры ашылды. 2029 жылға дейін осы бағдарламаға 600 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінеді.

Ауылды дамыту үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының әлеуетін кеңінен пайдаланған жөн. Қазіргі таңда бұл корпорациялардың ауыл экономикасына еш көмегі тимей тұр. Мен Жолдауымда әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды толыққанды даму институтына айналдыру туралы тапсырма бердім. Үкімет және Президент Әкімшілігі бұл жұмыспен айналысып жатыр. Нақты нәтиже күтемін. Осы корпорациялардың және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының ресурстарын ауыл бизнесіне қажетті инфрақұрылымды жетілдіру үшін жұмсаған абзал.

Көптеген аймақта мал бордақылдайтын және мал соятын орындар тапшы. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін өндiру, сақтау, тасымалдау, өткізу ісімен айналысатын және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жөндеп, қызмет көрсететін сервисістік дайындау орталықтары жетіспейді.

Ал онтүстік өңірде суару арналары мен ирригация жүйелеріне қатысты мәселе – өте өзекті. Тиісті инфрақұрылым болса, әкімдердің жергілікті бизнесті қолдауға және инвестор тартуға мүмкіндігі артады. Бұл бағытта ауқымды жұмыс жүргізу үшін Аймақтық стандарттар жүйесіне өзгерту енгізу қажет. Жалпы, Үкімет ауыл экономикасын жандандыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі керек.

Құрметті жиынға қатысушылар! Мен биылғы Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтердім. Бұл осыған дейінгі саяси өзгерістердің заңды жалғасы деуге болады. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын орнықтыра түсеміз, яғни еліміз Президенттік Республика болып қала береді. Жаңа бастама қоғамда қызу талқыланып жатыр.

Парламенттің құрылымына қатысты көптеген ұсыныс келіп түсуде. Мысалы, депутаттардың саны халық санына сәйкес, яғни пропорционалды болуға тиіс деген ойлар айтылуда.

Мұндай ұстаныммен қарайтын болсақ, олардың саны 200 адамға жетеді. Қазір қос палатада 148 депутат бар.

Парламенттік реформа – екі палатаны жай біріктіре салу деген сөз емес. Меніңше, депутат санын тым көбейтудің қажеті жоқ. Керісінше, оңтайландыру керек. Парламенттің жұмысын жетілдіру қажет. Мысалы, бір палаталы жаңа Парламентте Президент квотасы болмайды. Барлық депутаттар бірдей тәртіппен сайлануы қажет. Бұл – алдағы Парламенттік реформа аясында жасалатын аса маңызды қадам. Мұны жақсы ұғынып, жұртшылыққа кеңінен түсіндіру қажет.

Заң шығару органына білікті әрі тәжірибелі мамандар, яғни өз ісінің майталмандары келуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, біз нағыз кәсіби Парламентті жасақтауымыз керек. Жаңа комитеттер құру мәселесін қарастыру қажет.

Цифрландыру, аймақтарды дамыту жұмысымен айналысатын комитеттер өз алдына бөлек болғаны жөн деп санаймын. Бұл мәселелерді арнайы жұмыс тобы мұқият зерделейді. Осы реформаға қатысты басқа да көптеген ұсыныстар бар. Соның бәрін өбден пысықтап, кейін жариялаймыз. Менің де осы аса маңызды реформа бойынша ұсыныстарым бар.

Жалпы, Конституциямызға енгізілетін түзету өте көп болуы мүмкін. Сондықтан референдум барысында халық жаңа Ата Заңға дауыс беретін болады деп айтсақ, қателеспейміз. Осындай күрделі, жауапты жағдайда елімізде тыныштық, тұрақтылық болуы керек. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын біріміз бір қоғам болып сақта-

уымыз керек. Құқық қорғау органдары өз кәсібилігін көрсетуі қажет. Арандатушыларға немесе «лас, көлеңкелі» саясатпен айналысқысы келетін адамдарға жол бермейміз.

Біз бүгін ауылға қатысты көптеген маңызды мәселені көтеріп, нақты міндеттерді айқындадық. Алдымызда тұрған міндеттің бәрін сапалы әрі жүйелі орындасақ, мақсатымызға жетеміз. Ауыл өмір сүруге қолайлы, еңбек етуге жайлы болуға тиіс.

Ауыл әкімі осы өте маңызды жұмыстың басы-қасында жүреді. Бүгін әкім Жанар Нұрмұратқызы «Таза Қазақстан» қозғалысы жөнінде өте өзекті мәселе көтерді. Оған алғыс айтамын. Мемлекеттік саясатты халыққа жеткізетін де, елдегі өзгерістердің, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың мән-маңызын жан-жақты түсіндіретін де – әкімдер. Мен Сіздерге зор үміт арттамын. Әкімнің ең басты міндеті – тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру.

Ауылдағы ағайынның әл-ауқаты жақсарса, ауылдарымыз да көркейеді деген сөз. Сіздер ауылды өркендету үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Ауыл халқы елімізді дамытуға зор үлес қосуда. Мен осы сәтті пайдаланып, барлық ауыл тұрғындарына зор алғыс айтамын.

Мемлекет әрдайым ауылды қолдайды. Себебі ауыл – ұлтымыздың өзегі. Ауылды жаңа көзқараспен, озық оймен, жаңартылған тәсілдермен бірге дамытуымыз керек.

Бүгінгі жиында ауыл әкімдерімен қатар, Үкімет мүшелері және облыс әкімдері отыр. Өздеріңіз білесіздер, мен Үкіметке экономиканы сауықтыру үшін Ұлттық банкпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, нақты шаралар қабылдауды тапсырдым.

Осыған орай, өткен аптада үш жылға арналған Макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Құжатта көрсетілген шаралар сапалы әрі уақтылы орындалуы керек.

Бұл жұмысқа облыс әкімдері белсене атсалысуға тиіс. Нақты ойластырылған ұсыныстарды Үкіметке енгізуге рұқсат беремін. Алдымызда тұрған басты мақсаттар: экономиканың тұрақты, сапалы өсімін қамтамасыз ету қажет; инфляцияны төмендетіп, халықтың табысын арттыру арқылы тұрмыс жағдайын жақсарту қажет; жеке секторды дамытып, өндірісті жандандыру керек; дайын өнім экспортын көбейту қажет.

Мемлекетіміздің алдында әлі де көптеген сынақ пайда болуы мүмкін. Қазіргі таңда әлемдегі ахуал тұрақты емес, келешегі бұлыңғыр деуге болады.

Кейбір елдердің егемендігі, жерінің тұтастығы әлі толық шешілмеген, тіпті, бұл мәселе халықаралық даулардың өзекті тақырыбына айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымының берделі әлсіреп кетті, жаһандық экономикаға құбылмалы күйде. Сондықтан бәріміз бір ұлт болып, қырағылықты сақтауымыз керек, жас ұрпаққа қамқорлық көрсетіп, дұрыс тәрбие беруіміз қажет, ішкі даулардан аулақ болып, ынтымақ-бірлігімізді нығайтуымыз керек. Жалпы, бәрімізге ортақ аса маңызды міндет – ел мүддесіне тиімді қызмет ету. Қазақстанның егемендігі, дербестігі, тәуелсіздігі – бәрінен қымбат. Бұл – ұлтымыздың алдында тұрған ең биік мақсат. Мен ел Президенті ретінде бұл мақсатты орындау үшін барлық күш-жігерімді саламын.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

Ақорда. 28 қараша 2025 жыл

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ –
ЖОҒАМ ДАМУЫҒЫҒЫЗ ЖАСАҒЫШ АРНАСЫ

БАЛАЛЫҚ ШАҚ – ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ. ДӨЛ ОСЫ УАҚЫТТА БАЛА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ТАНЫП, СЕҢІМ, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ СҮЙІСПЕН-ШІЛІК СЕЗІМДЕРІН БОЙЫНА СІҢІРЕДІ. АЛАЙДА БҮГІНГІ ТАҢДА ӨЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ЕЛ-ДЕРІНДЕ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДА ДА БАЛАЛАР ТҮРЛІ СИПАТТАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМ-БЫЛЫҚҚА ҰШЫРАП ОТЫРАДЫ.



Бұл тек жеке отбасының мәселесі емес, бүкіл қоғамның әлеуметтік, моральдық және психологиялық денсаулығына әсер ететін құбылыс. Балаларға жасалатын зорлық-зомбылық түрлері **Зорлық-зомбылық тек физикалық соққы беру емес. Ол бірнеше түрге бөлінеді:**

- Физикалық зорлық – ұру, итеру, денесіне зақым келтіру;
- Психологиялық зорлық – балаға айқайлау, қорлау, кемсіту, қорқыту;
- Жыныстық зорлық – баланы өз еркінен тыс жыныстық сипаттағы әрекеттерге тарту;
- Экономикалық қысым – баланы еңбекке заңсыз пайдалану, оның қажеттіліктерін әдейі шектеу;
- Қамқорлықсыз қалдыру – баланың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қажетті жағдай жасамау.

Бұл әрекеттердің барлығы баланың психикасына ұзақмерзімді зиян келтіріп, өмір бойы сақталатын жарақатқа айналуы мүмкін. **Балалық шақтың қауіпсіз болуы неге маңызды? Зорлық-зомбылықсыз ортада өскен бала:**

- өзіне және адамдарға сенімді болады;
- оқу мен шығармашылықта еркін дамиды;
- қоғамға пайдалы тұлға болып қалыптасады;
- агрессияны емес, қарым-қатынастың бейбіт тәсілдерін таңдайды.

Ал зорлық көрген балада қорқыныш, кінә сезімі, тұйықтық, депрессия, сондай-ақ агрессиялық мінез-құлық қалыптасуы мүмкін. Бұл оның келешекте отбасылық өміріне, еңбекке қабілетіне және әлеуметтік бейімделуіне тікелей

ықпал етеді. Баланы қорғау – тек ата-ананың міндеті емес. Бұл – мемлекет, білім беру ұйымдары, медицина мамандары, құқық қорғау органдары мен әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Мектепте қауіпсіз орта қалыптастыру, мұғалімдердің зорлық белгілерін тану дағдыларын жетілдіру, ата-аналарға арналған тәрбиелік тренингтер – маңызды шаралар. Сонымен қатар әлеуметтік желі, БАҚ арқылы ақпараттық кампаниялар өткізу балаларға қатысты зорлықтың алдын алуға ықпал етеді. Отбасындағы жылулық – ең үлкен қорғаныс. Әр блаа сүйіспеншілікке, құрметке және түсіністікке лайық. Отбасындағы дұрыс қарым-қатынас, ата-ананың сабырлылығы мен мейірімі – зорлық-зомбылықтың алдын алудың ең тиімді жолы. Балаға өз ойын ашық айтуға мүмкіндік беру, оны тыңдау, қолдау көрсету арқылы ата-ана оның психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ – еркинетті қоғам құрудың негізгі кепілі. Бала-шақ ұрпақтың дені сау, бақытты және өзіне сенімді болуы біздің бүгінгі әрекетімізге байланысты. Әрбір баланың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау – баршамыздың міндетіміз. Бала – болашақ. Оны қорғау – адамзатқа ортақ борыш.

Ақнұр ЖАУҒАШАР,
Ойыл аудандық аурухана психологі.

GORILLA ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНЫНЫҢ ЗИЯНЫ:
ДЕНСАУЛЫҚҚА ТӨНЕТІН ҚАУІПТЕР

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАР СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЖАСТАР АРАСЫНДА ЕРЕКШЕ ТАНЫМАЛ БОЛДЫ. СОЛАРДЫҢ БІРІ – GORILLA БРЕНДІ. ДӘМІ МЕН ТЕЗ ҚУАТ БЕРУ ӨСЕРІНЕ ҚАРАМАСТАН, МҰНДАЙ СУСЫНДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА АЙТАР-ЛЫҚТАЙ КЕРІ ӨСЕРІ БАР.



Gorilla-ның құрамындағы кофеин, қант және басқа стимуляторлар ағзаға жөдел өрі ұзақ мерзімді зиян келтіруі мүмкін.

1. Кофеиннің шамадан тыс мөлшері
Gorilla энергетикалық сусын-дарының көпшілігінде кофеиннің жоғары дозасы болады. Кофеиннің шамадан тыс түсуі:

- жүрек соғысын жиілетеді (тахикардия);
- қан қысымын көтереді;
- мазасыздық пен ұйқысыздық тудырады;
- жүйке жүйесіне шамадан тыс жүктеме жасайды.

Жасөспірімдер ағзасы кофеинді ересектерге қарағанда баяу өндейтіндіктен, әсері қатты сезіледі.

2. Қандағы қант деңгейінің күрт өзгеруі
Көптеген Gorilla сусындары жоғары қант мөлшерімен ерекшеленеді. Тәтті энергетиктер:

- қандағы қантты тез көтеріп, кейін күрт төмендетеді → әлсіздік, ашушандық;
- артық салмаққа және семіздікке ықпал етеді;

- тіс жегісіне себеп болады;
- ұйқы гормондарының жұмысын бұзады.

Қант пен кофеиннің бірігуі ағзаны екі жақты күйзеліске ұшыратады.

3. Жүрек-қан тамыр жүйесіне қауіп
Энергетикалық сусындардың жиі қолданылуы:

- жүрек ырғағының бұзылуына,
- қысымның тұрақсыздануына,
- қан тамырларының тарылуына,
- жүрекке шамадан тыс жүктемеге әкелуі мүмкін.

Өсіресе дене жаттығуларымен қатар ішу өте қауіпті: жүрекке қосымша стресс түседі.

4. Ұйқының бұзылуы
Gorilla-дағы стимуляторлар ұйқы гормоны – мелатонинді тежейді. Бұл:

- ұйқытау қиындығына,
- терең ұйқының қысқаруына,
- күндізгі әлсіздікке әкеледі.

Тұрақты түрде ұйқының бұзылуы иммунитетті төмендетеді.

5. Тәуелділік қаупі
Кофеин мен қантқа психологиялық тәуелділік қалыптасуы

мүмкін. Уақыт өте:

- адам энергияны табиғи жолмен емес, сыртқы стимуляторлар арқылы алуға үйренеді;
- сергек болу үшін жиірек ішуге мәжбүр болады.

Бұл ағзаның шаршауын күшейтеді.

6. Асқазан-ішек жолына зияны
Кейбір тұтынушыларда:

- асқазан қышқылының артуы,
- жүрек айну,
- іштің ауыруы,
- гастрит белгілерінің күшеюі байқалуы мүмкін.

7. Алкогольмен араластыру – аса қауіпті
Кейбір жастар энергетиктерді алкогольмен бірге ішеді. Бұл:

- улану қаупін арттырады,
- масаң күйді сездірмей, алкогольді шамадан тыс қабылдауға әкеледі,
- жүрекке қауіпті жүктеме түсіреді. Медицина мамандары бұл комбинацияны ең қауіптілердің бірі деп санайды.

Қорытынды
Gorilla энергетикалық сусыны – қысқа мерзімді қуат береді, бірақ оның зияны әлдеқайда көп. Жүрекке, жүйке жүйесіне, ұйқыға, ас қорытуға және жалпы ағзаға түсетін жүктеме мұндай сусындарды жиі ішуді қауіпті етеді. Өсіресе балалар мен жасөспірімдерге, жүкті әйелдерге, жүрек немесе қысым мәселесі бар адамдарға ұсынылмайды.

Денсаулық – уақытша сергектікке айырбастайтын құндылық емес. Табиғи энергия көздері – су, дұрыс тамақтану, ұйқы, физикалық белсенділік – әлдеқайда қауіпсіз және тиімді.

Айгүл МАЙЛЫБАЕВА,
Салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.

EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ҮЙДЕ БІЛІМ АЛАТЫН МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ШЫҒЫНДАРЫН ӨТЕУ ҚЫЗМЕТІ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР «ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ҮЙДЕ ОҚЫТУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ» ҚЫЗМЕТІН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ РӘСІМДЕЙ АЛАДЫ.

Қызмет ата-аналарға баласын білім беру ұйымына бара алмайтын жағдайда үйде оқыту үшін қосымша әлеуметтік көмек алуға өтінішті қашықтан беру мүмкіндігін береді. Өтемақы жеке оқу жоспарына және баланың үйде оқытылатынын растайтын білім беру ұйымының анықтамасына негізделіп төленеді. Төлем оқу процесін қамтамасыз етуге байланысты шығындардың бір бөлігін өтеуге бағытталған. Өтемақы өтініш берген айдан бастап анықтамада көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін тағайындалады. Төлем мерзімнің аяқталуына немесе баланың білім беру түрінің өзгеруіне байланысты тоқтатылады. Үйде жеке оқу жоспары бойынша оқытылатын ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқу шығындарын өтеу мөлшері жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) шешімімен белгіленеді.

Қызметті пайдалану үшін пайдаланушыға:

- * eGov Mobile қосымшасына кіріп, «eGov мемлекеттік қызметтері» – «Жеңілдіктер, жәрдемақы және зейнетақы» бөлімін ашу;
- * «Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» қызметін таңдап, қажетті деректерді толтыру;
- * қызметті қолжетімді қол қою

әдістерінің бірімен растау қажет;

- * құжаттарды рәсімдеу мәртебесін «Қызметтер тарихы» бөлімінен тексеру қажет.

Қызмет көрсету мерзімі – мемлекеттік орган толық құжаттар пакетін тіркеген күннен бастап 8 жұмыс күнін құрайды. Төлем білім беру ұйымы берген анықтамада көрсетілген кезеңге ғана тағайындалады, жаңа мерзімге автоматты түрде ұзартылмайды.

Балаға белгіленген мүгедектік мерзімі аяқталған соң куәландыруды қайта өткізіп, өтінішті қайта рәсімдеу қажет. Қызметке онлайн өтінішті eGov.kz электрондық үкімет порталында да, сондай-ақ офлайн түрде халыққа қызмет көрсету орталығында да беруге болады.

2025 жылдың басынан бері электрондық үкімет порталы арқылы бұл қызметті алуға 8 мыңнан астам өтініш қабылданды.

Қызмет Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірлесуімен жүзеге асырылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

В EGOV MOBILE СТАЛА ДОСТУПНА УСЛУГА ПО ВОЗМЕЩЕНИЮ ЗАТРАТ НА ОБУЧЕНИЕ НА ДОМУ ДЕТЕЙ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

КАЗАХСТАНЦЫ МОГУТ ОФОРМИТЬ УСЛУГУ «ВОЗМЕЩЕНИЕ ЗАТРАТ НА ОБУЧЕНИЕ НА ДОМУ ДЕТЕЙ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ» ЧЕРЕЗ МОБИЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ EGOV MOBILE.

Услуга позволяет подать заявление для получения дополнительной социальной помощи дистанционно. Получить её могут родители, которые организуют обучение ребёнка с инвалидностью дома в случаях, когда посещение образовательной организации невозможно. Возмещение затрат предоставляется на основании индивидуального учебного плана и справки из учебного заведения, подтверждающей факт обучения ребёнка на дому. Выплата направлена на частичное покрытие расходов, связанных с обеспечением учебного процесса. Возмещение производится с месяца обращения по месяцу окончания срока, указанного в справке. Выплата прекращается в случае окончания установленного периода или при изменении формы обучения ребёнка. Размер возмещения затрат на обучение детей с инвалидностью по индивидуальному учебному плану определяется решением местных представительных органов (маслихат).

Чтобы воспользоваться услугой, пользователю необходимо:

- * авторизоваться в мобильном приложении eGov Mobile и перейти в раздел «eGov госуслуги» – «Льготы, пособия и пенсии»;
- * выбрать услугу «Возмещение затрат на обучение на дому детей с инвалидностью»

и заполнить все необходимые данные;

- * подписать услугу одним из доступных методов подписания;
- * проверить статус уведомления об оформлении документов в разделе «История услуг».

Срок оказания услуги составляет 8 рабочих дней со дня регистрации полного пакета документов государственным органом. Выплата предоставляется на период, указанный в справке учебного заведения, без автоматического продления на новый срок. В случае истечения срока инвалидности у ребёнка необходимо пройти переосвидетельствование и повторно подать заявление в справку на получение услуги онлайн также можно оформить через портал электронного правительства eGov.kz либо офлайн в центре обслуживания населения. Более 8 тысяч заявок на получение данной услуги было оформлено через портал электронного правительства с начала 2025 года. Услуга реализована Комитетом государственных услуг Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития РК совместно с АО «Национальные информационные технологии» и Министерством труда и социальной защиты населения РК.

Жайна СЕЙДАХМЕТ
Департамент корпоративных коммуникаций АО «ННТ».

ЕСКЕ АЛУ

ОЙЫЛ СЕЛОСЫ
СЕРІК САПАРҰЛЫ НАУРЫЗБАЕВ
(23.02.1968 ЖЫЛ - 07.12.2022 ЖЫЛ)



Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті... «Өмір бар жерде, өлім бар». Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді. Кеше ғана арамызда күліп – ойнап, жарқылдап жүрген Серік досымыздан үш жыл бұрын қапыда айрылды. Бір қанатымыз қайрылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын есіл дос жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?... Оның ғұмыр-дариясы – мәңгілік ағысқа ауысты... Алаш баласының аз ғана алтындай ғұмыры, Қара Жердің үстінде 54 жыл болды.

Қатал тағдыр ойнатып ойран дауыл,
Батырарын сездік пе ойларға ауыр?
Қапияда ажалдың оғы тиіп,
Қайрылмастан кеттің бе, қайран бауыр?!

Адал мінез, ақ жүрек, сері көңіл
Көкжиекке сіңді бір елік өмір.
Ентелеген ажалға жанын қиды,
Еркелеп те үлгермей еліне бір.

Әдебиеттің ынтық қып арлы әлемі,
Көзін биік шыңдарға салған еді.
Жан адамға жамандық тілемейтін,
Дос-туысқа, бауырға қорған еді.

Тектілік пен парасат, терең білім
Бойда тұнған сыйламас өренді кім?
Кеше ғана жайрандап жүрген досым,
Сағыныш бар түсіме енер бүгін.

Шықсам деген көз салып шың-құзына,
Бағыт алды көктегі жұлдызына.
Алла енді амандық, сабыр берсін
Туысына, жарына, ұл-қызына!

Қойнына алды қара жер арда ұлын...
Асыл бейнең, көңілде қалды-ау үнің.
Топырағың торқа боп, тыныш ұйықта,
Жадымыздан өшпейсің, жан бауырым!

Еске алушы: Бақыт – Күләш.

МЕРЕКЕЛІК ТУРНИР ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛДЫ

ОСЫДАН 31 ЖЫЛ БҰРЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ – МӘСЛИХАТТАР ҚҰРЫЛДЫ. БҰЛ АЙТУЛЫ ОҚИҒА МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА БЕТІН АШТЫ. МӘСЛИХАТТАР ҚҰРЫЛҒАН ӨТІЗ ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТТА ДЕМОКРАТИЯНЫҢ НЫҒАЙТУДА, ОБЛЫС ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУЫНДА, ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРДЫ. 1994 ЖЫЛЫ НАУРЫЗДА ЕЛДЕ ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРҒА АЛҒАШҚЫ САЙЛАУ ӨТТІ.

Барлық жерде облыстарда, қалаларда, аудандарда мәслихаттар – депутаттар жиналыстары құрылды. Соған орай бытыр біздің ауданда да ауқымды шаралар ұйымдастырылған-ды. Соның бірі ойылдықтардың оң жамбасына келетін мекеме қызметкерлері арасында волейболдан өткізілген турнир еді. Биыл да осы жарыс жалғасын тауып, аудандық мәслихаттың ұйымдастыруымен мекеме қызметкерлері арасында волейболдан аудандық турнир өтті. Турнирдің ашылуына аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин, аудандық мәслихат депутаты Жангүл Ізғарина және Мұстафа Бисембаев, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Марат Арыстанов, спорт саласының ардагерлері және бірқатар мекеме басшылары қатысты. Турнирдің ашылуында аудан әкімі Асқар Қазыбаев сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілеп, са-



лауатты өмір салтын насихаттаудың маңыздылығына тоқталды. Турнирге қатысуға 14 команда тілек білдіргендіктен, бірнеше топқа бөлініп, бір күндік жарыс бірнеше алаңда қатар өтті. Тартысты өткен кездесулер барысында командалар жоғары дайындық танытып, әр ұпай үшін қызу күрес жүргізді. Көрермендер спортшылардың техникасы мен шеберлігіне тәнті болды.

Жарыс нәтижесі бойынша Ойылда волейболдың өркендеуіне өздерінше үлес қосып келе жатқан «Ойыл электр желісі командасы» қола жүлдеге қол жеткізсе, Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жігіттері финалда ғана жеңіліп, турнирдің күміс жүлдегіне иеленді. Ал, бас жүлдені салуатты өмірді спортпен ұштастырған «Ойыл аудандық полиция бөлімі» командасы жеңіп алды. Сонымен қатар,

жақсы ойын өрнегін көрсеткені үшін «Өрт сөндіру бөлімі» командасы ынталандыру сыйлығымен марапатталды. Жеке номинациялар бойынша Исатай Саржігітов «Үздік қорғаушы» атанса, Әли Еркінов «Үздік байланыстырушы» деп танылды. Ал, қазылар алқасы турнирдің «Үздік ойыншысына» тігілген жүлдеге Бекарман Жонысовты лайық деп таныды. Турнир соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ауыспалы кубок, мадақтама, медальдар табысталып, командалар қаржылай марапатталды. Және де ойында белсенділік танытқан 5 жас жігіт ынталандыру сыйлығымен аудандық мәслихат депутаты, аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Ізғаринаның атынан алғыс хатпен марапатталып, сый-сыяпаты табысталды. Бір айта кетерлігі, бұл турнирдің өтуіне аудандық мәслихаттың бірнеше депутаты демушілік көрсетті.

ОЙЫЛДЫҢ БАСТАУЫ - МЕНІҢ АУЫЛЫМДЫ!

Мен ауылдан жырақ жүрсем де, біздің ауылдың жанынан басталатын өзен туралы көп ойланамын. Мұғалжар ауданының Еңбек ауылы менің табиғаты ғажайып туған жерім. Көктем келгенде ауыл сыртындағы жыраға су толып, қатты аға бастайды. Сол кезде ауыл үлкендері бізге әрдайым айтады: “Суды ластамандар, бұл – терең тарихы бар Ойыл өзенінің бастауы!” Алғашында мен ол судың жай ғана еріген қар суы деп ойлайтынмын. Бірақ уақыт өте келе түсіндім, дәл сол кішкентай жырадан басталған су кейін ұзын, үлкен Ойыл өзеніне айналады. Картадан қарасаң – үлкен өзен, ал біздің көргеніміз – оның бастауындағы шағын бұлақтар, яғни өзеннің алғашқы арнасы. Көктемде су сарқырап аққанда, маған Ойыл оянып жатқан сияқты көрінеді. Жазда ол су аздап баяулап, тыныш ағатын болады. Осы суды көрген сайын мен өзімді ерекше сезінемін, өйткені үлкен өзен

дәл біздің ауылдан басталады. Ойыл өзені ары қарай ағып, талай ауылды кесіп өтеді. Бірақ маған ең қызығы – оның ең алғашқы тамшысы дәл біздің ауылда басталатыны. Бұл ой мені әрдайым қуантады. Кейде картадан Ойылдың ұзын болып созылып жатқанын қарасам, “мына үлкен өзен дәл біздің ауылдың қасындағы кішкентай жырадан басталған ғой” деп өзімді біртүрлі ерекше сезінемін. Ойылдың бастауы біздің ауылда екенін білген сайын, өзенге деген көзқарасым да өзгерді. Бұрын жай ғана су сияқты көрінетін. Енді болса, әр тамшысының үлкен өзенге айналатынын түсінемін. Сол үшін мен де, менің достарым да суды таза ұстап, табиғатты қорғауға тырысамыз. Себебі Ойыл – тек өзен емес, ол біздің аймақтың ерекше байлығы.

Айым САҒАДАТОВА,
Ақтөбе қаласы,
Алға қаласы Алға мектеп-гимназиясы 11-сынып оқушысы

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНА – КӘСІБИ ДАМУДЫҢ АЛАҢЫ



Ойыл ауданының жылдық жоспарына сәйкес Амангелді орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Жұмағалиева Ақтоты Жұмағалиқызының ұйымдастыруымен «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Lesson Study әдісін қолдану» тақырыбындағы шығармашылық шеберхананың I отырысы өтті. Шара барысында қатысушы-

лар зерттеу сабағының тиімді ұйымдастырылуы, оқыту процесінде құндылықтарға бағдарланған білім беру мазмұнын оқу бағдарламасына кіріктіру жолдары жөнінде тәжірибе алмасты. Шеберхана отырысы пән мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігін арттыруға, кәсіби ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған тиімді алаң болды.

ВЕНА БАЛЫ – ҚЫЗЫҚТЫ СӘТТЕРДІҢ КЕШІ

Вена балының түп тарихы Вена конгресінен бастау алады. XIX ғасырдың алғашқы жартысында Венада карнавалды маусымда 250-ге дейін бал ұйымдастырылып, би фестиваліне аристократтардан бастап, қарапайым еңбек адамдарына дейін қатысты болған. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығында аудан орталығындағы 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған "VIENNESE BALL" кеші өтті. Музыкалық фестивальге 60 жұп қатынасып, жұптардың вальсімен басталған кеш әрі қарай "Жіптегі суреттер" фотопар көрмесіне ұласты. Қа-

тынасушыларға жүрекшелер таратылып, әр қатынасушы өздеріне ұнаған фотосурет иелеріне дауыс берді. Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Г. Жеткергенқызы жастарға жүрекқарды лебізін арнады. "Трендті кәсіп" атауымен заманауи хоббиді кәсіпке айналдырып жүрген жастардың шеберлік сағаттары өтті. Жастардың өңдерімен жалғасқан кеш, қызықты ойындарға, ырғақты би кешіне ұласты. Шара соңында белсенді жастар түрлі номинациялармен марапатталды. "Үздік бозбала мен бойжеткен" анықталып, алғыс хат пен арнайы статуетка табысталды.



Біріншілікке 10 командадан (Ойыл БЖСМ, Ақшатау ОМ, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы, Жамбыл ОМ, Саралжын ОМ, Ойыл қазақ орта мектебі, Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл ҚОМ, Амангелді ОМ, Көсембай НМ, Құрман ОМ) 100 ге жуық жас спортшылар қатынасты. А мен Б тобына бөлінген спортшылар өзара мықтыны анықтап, ақтық кезеңде Амангелді ОМ, Көсембай НМ, Ақшатау ОМ және Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясы спортшылары кездесіп, жеңіс тұғырынан

көрінуге тартысты ойын өткізді. Біріншіліктің үшінші орнына ақтық кезеңде Көсембай орта мектебі командасы жеңген Ақшатау орта мектебі командасы жайғаса, жүлделі екінші орынмен Амангелді орта мектебі командасы марапатталды. Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясы командасы біріншіліктің жеңімпаздары атағына ие болды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің мақтау қағаздары және медальдарымен марапатталды.

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІ ҚОЗҒАУ ТӘРТІПТЕРІ

2020 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ ҚАБЫЛДАҒАНЫ БАРШАМЫЗҒА МӘЛІМ. ОСЫ КОДЕКС МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ІШКІ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕРІН, ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАТЫНАСТАРДЫ, СОНДАЙ-АҚ ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІН РЕТТЕЙДІ.




Сонымен қатар мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар осы кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары болып табылады. Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде әкімшілік рәсімді қозғау тәртіптері анық көрсетілген. Жалпы әкімшілік рәсім дегеніміз әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызмет болып табылады. Әкімшілік рәсімді қозғау үшін жолданым, әкімшілік органның, лауазымды адамның бастамасы негіз бола алады. Жолданымға келесідей талап-

тар қойылады. Атап айтқанда, ауызша нысанда берілген жолданымды әкімшілік органның жолданымды қабылдаған лауазымды адамы немесе жұмыскері жекелеген хаттамаға енгізеді. Жазбаша қағаз және немесе электрондық нысанда берілген жолданымда, хаттамада жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты жеке сәйкестендіру нөмірі пошталық мекенжайы не заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы көрсетілуі қажет. Жолданымды қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады. Жолданым мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаға берілген жағдайда арыз иесіне күні мен уақыты, жолданымды қабылдаған адамның тегі мен

аты-жөні, лауазымы көрсетілген бірегей нөмірі бар талон беріліліп, келіп түскен күні тіркеледі. Егер жолданым жұмыс істемейтін күні келіп түскен болса, онда ол жақын уақыттағы кейінгі жұмыс күнімен тіркеледі. Еліміздің кез-келген тұрғыны конституциямен немесе заңмен берілген негізгі құқықтары бұзылған жағдайда, құқығын заң органдары арқылы тиімді түрде қалпына келтіруге құқылы. Әркімнің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіптен басқа, ешкімнің еңбек саласындағы құқықтарына шек қойылмайды. Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі құқық қорғалуының келіп екені баршамызға мәлім. Сонымен қатар жалпы адам құқығының қорғалуы ілгерілеудің белгісі болып табылады. Мемлекеттің ең жоғарғы құндылығы адам және оның өмірі болғандықтан адам құқығы тиімді түрде қорғалып, адам құқығының қорғалуы жоғары деңгейде жүзеге асуы қажет. Ж. МАЙЖАНОВ, Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

КӨКЖӨТЕЛ КӨП АУРУДЫН БАСТАУЫ БОЛМАСЫН!

Көкжөтел (лат. pertussis) – жедел таралатын, көбінесе, 8 жасқа дейінгі балаларда болатын жұқпалы ауру. Аурудың қоздырғышы қысқа таяқша тәрізді бактерия (Bordetella pertussis). Қоздырғыш бактериялар науқас бала жөтелгенде оның демі мен қақырығы арқылы тарап, сау балаға жұғады. Бактериялар баланың тыныс органдарында өсіп-өнеді. Көкжөтелдің жұғу көзі – науқас адамдар. Олар әсіресе аурудың бастапқы кезінде өте жұқтырғыш келеді. Көкжөтелдің кез келген түрі басқа адамдар үшін өте қауіпті. Әсіресе көкжөтел ұстамасы қысып, қатты жөтелген кезде сақтанған жөн. Өйткені қақырық бөлшектері 3 метрге дейін ұшады. Егер көкжөтелге тұрақты өмірлік иммунитеті қалыптаспаған болса, бұл сырқатпен кез келген жастағы адам ауыруы мүмкін. Инкубациялық кезең 3 күннен 15 күнге дейін созылады (орта есеппен 5-8 күн). Ауру ағымы үш кезеңнен тұрады – катаральды, спазмалық жөтел кезеңі және босату кезеңі. Катаральды кезеңде құрғақ жөтел, кейде тұмау болады. Дене қызуы субфебрильді немесе қалыпты. Бұл кезеңнің ерекшелігі – тұрақты қатты үнемі күшейе береді, тіпті шектеулі ұстамаға соқтыруы мүмкін. Бұл кезең 3-14 күнге созылады. Спазмалық кезеңде жөтел



ұстама сипатында болады. Ұстама кезінде қысқа жөтел арасында демді ішке тартқан сәтте ысқырық секілді дыбыс шығады. Ұстамадан кейін қою шырыш шығады, науқастың құсуы да мүмкін. Ұстама кезінде баланың беті қызарады, одан соң көгереді, мойнындағы тамырлар ісініп, көздері қанталайды. Ырықсыз нәжіс не несеп бөлуі мүмкін. Тіл сыртқа шығып, кезден жас ағады. Босату кезеңінде жөтел ұстама сипатында, 2-4 аптаға созылады. Аурудың орташа ұзақтығы 6 апта шамасында, бірақ одан да ұзақ болуы мүмкін. Көкжөтел қатты асқынған жағдайда пневмонияға ұласуы мүмкін. Бүгінгі таңда көкжөтелдің алдын-алудың жалғыз және тиімді шарасы - міндетті вак-

цинация күнтізбесіне енгізілген имундау. Ол бала өмірінің бірінші жылында жасалады. Сондықтан ата-аналар үшін балаларын имундау орынды шешім болып қала береді. Вакцинация аурудың белгілері жоқ (суық тию, дене қызуының көтерілуі), дені сау балаларға ғана жасалады. Вакцинация жоспарлы түрде Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес, 2 ай, 3 ай, 4 ай, 18 айда жүргізіледі. АБКДС (күл, сіреспе, көкжөтел (жасушасыз), В гепатиті, полиомиелит (белсенділігі жойылған) және b типті гемофильді инфекцияларға қарсы конъюгацияланған) вакцинасы қолданылады.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.